

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО
РЫНКА»**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ _____

«__» _____ 20__ года

Алматы қаласы

город Алматы

«Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 50 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 50 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34908 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 3-2 және 3-3-тармақтарына, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-6-тармағына, 7-бабы 2-тармағының 11-2) тармақшасына, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

көрсетілген қаулымен бекітілген Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 3-2 және 3-3-тармақтарына, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 3-бабының 3-6-тармағына, 7-бабы 2-тармағының 11-2) тармақшасына, «Коллекторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың және кредиттік бюролар арасында мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, сондай-ақ оларды қызметтен шығару, оларда банктік қарыздың, микрокредиттің болуы не болмауы, банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемді кейінге қалдырудың ұсынылуы туралы мәліметтерді алмасу тәртібін айқындайды.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиторлардың төлемдерді кейінге қалдыруы үшін мәліметтерді алмасу кезінде мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролар арасындағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілерге банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды ұсыну үшін мәліметтерді алмасу кезінде мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролар арасындағы өзара іс-қимыл мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ЖРАЖ ИШ сервис арқылы мерзімді әскери қызметке шақырылған әрбір әскери қызметші бойынша кредиттік бюроларға мынадай мәліметтерді береді:

ЖСН;

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

туған күні;

әскер қызметке қатысты мәртебесі;

облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрығының шығарылған күні;

2) кредиттік бюро алынған мәліметтер негізінде мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшінің банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша қолданыстағы міндеттемелерінің бар-жоғын тексереді;

3) кредиттік бюро мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілердің банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелері бар мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы мынадай мәліметтерді кредиторларға береді:

ЖСН;

әскери қызметке қатынасының мәртебесі;

облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрығының шығарылған күні;

Кредитор сервисі болмаған кезде кредитор кредиттік бюролар сервисі арқылы осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді аптасына бір рет сұратады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиторлардың төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынуды тоқтатуы және сыйақы есептеуді қайта бастауы үшін мәліметтер алмасу кезінде мемлекеттік органдар мен кредиттік бюролар арасындағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі»;

мынадай мазмұндағы 4-тараумен толықтырылсын:

«4-тарау. Кредитордың мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы мәліметтерді банктік қарыз, микрокредит бергенге дейін алу тәртібі

8. Кредиттік бюролар ЖРАЖ ИШ сервисі арқылы мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер туралы мәліметтерді алған кезде облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрығының шығарылған күнін көрсете отырып жеке тұлғаның кредиттік есебінде «мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісі» әскери қызметке қатынасының мәртебесін (бұдан әрі – мәртебе) көрсетеді.

Кредитор шақыру жасындағы жеке тұлғаға банктік қарыз, микрокредит берілгенге дейін оның мәртебесін кредиттік есепте тексереді.

Кредитор өзінің кредиттік есебінде мәртебесі болған кезде мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісіне банктік қарыздар, микрокредиттер бермейді.

Кредиттік бюролар ЖРАЖ ИШ сервисі арқылы Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасында көзделген, мерзімді әскери қызметтен, оның ішінде әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін босатылған әскери қызметші туралы мәліметтерді алған кезде оның мәртебесін кредиттік есептен алып тастайды.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілердің дербес деректерін жинау, өңдеу және пайдалану «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне берілген келісім негізінде жүзеге асырылады.».

2. Әлеуметтік жобалар және қаржылық сауаттылықты арттыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі